

Жетісу университеті

JETISÛ OBLYSTYQ QOĞAMDYQ-SAIASI JASTAR GAZETI
ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ МОЛОДЕЖНАЯ ГАЗЕТА ОБЛАСТИ ЖЕТИСУ

Бақ әкелсін жаңа жыл!

Міне, тағы бір жылды артқа тастап, күнтізбенің жаңа бетін ашқалы отырмыз. Қоян жылы еліміз үшін жайлы, табысты жыл болды. Былтырағы оқу жылында университетіміздің 50 жылдық мерейтойын кең көлемде атап өттік.

Жарты ғасырлық тарихы бар, жаңа белеске көтерілген білім ордасына Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек келіп, оқу орнының материалдық-техникалық базасына оң баға берді.

Университет 2023-2029 жылдарға арналған даму бағдарламасын әзірлеп, жоғары білім мен ғылымды дамытудың концепциясына сәйкес индикаторлар мен көрсеткіштерді жаңартты. «Мамандығым – Болашағым» жол картасымен 20 қызметкер білім алып, өңірлік Жобалық кеңсе мүшесі болды. Осы оқу жылында «Coursera» платформасында 1500 білімгер ЖАОК (жаппай ашық онлайн курстарын) игерді.

«Күміс университет» идеясын дамыту үшін 2020 жылдан бастап «Асыл қазына университеті» жұмыс жасап келеді. Өткен оқу жылында осы жоба бойынша зейнет жасындағы 40 адам (университеттің 25 оқытушысы және қаланың 15 ардагері) оқыды.

Академиялық ұтқырлық бойынша Польша, Оңтүстік Корея, Түркия, ТМД елдерінде 42 студент білім алды. Польша мен Ресей университеттерінде 9 адам қос дипломды бағдарлама бойынша оқуын аяқтады. Сонымен қатар, білім ордасында Цюрих университетінің (Швейцария), Жилин университетінің (Словакия), ТМД елдеріндегі серіктес оқу орындарының студенттері оқыды.

Италияның Марке университетімен келіссөз жүргізіліп, Жетісу университетінде Марке политехникалық университетінің филиалын ашу туралы Меморандумға қол қойылды. Екі жақты Меморандум негізінде «Агрономия-Ауыл шаруашылығы ғылымы» қос дипломды бағдарламасын іске асыру, бірлескен ғылыми зерттеу жүргізу, профессорлық-оқытушы құрам және студенттерді академиялық ұтқырлық бойынша алмасу көзделген.

Университет Еуропа мен ТМД-ның 10 университетімен шарт жасасты. Еуропалық Одақ қаржыландыратын «HORIZON -2020» бойынша 2 жоба, Ресей Федерациясы мен Түркия оқу орындарымен 4 халықаралық жоба жүзеге асырылуда. Осы жобаларды іске асыру үшін Цюрих университетінің Еуразиялық зерттеулер орталығы ашылды, білім ордасының шетелде (Польша, Қырғызстан, Өзбекстан) 3 өкілдігі бар.

Университет ғылымын дамытудың негізгі тетігі – ғылыми жобалар. Осы орайда гранттық қаржыландыру конкурстарына, халықаралық конкурстарға және өңірлік бағдарламаларға оқытушылар мен жас ғалымдар белсенді қатысты.

Оқу ордасының, қаламыздың тіпті еліміздің атын өйгілеп жүрген белсенді студенттер жетерлік. Спорттың әр түрі бойынша халықаралық дәрежедегі 33 чемпион бар. 2400-ден астам студент университеттің шығармашылық ұжымдарының мүшесі. 12 студенттік клуб, 10 спорт секциясы жұмыс істейді.

Бүгінде Университет инфрақұрылымын дамыту жұмыстары жалғасуда. Биылғы оқу жылында оқу-зертханалық корпусының құрылысы басталды. Алдағы жылға 5-ші буын (5G) технологиясы бойынша автоматтандырылған жылыжай салу, Талдау және болжау орталығы жобасы аясында «Жетісу» ғылыми-білім беру орталығын құруға арналған зертханалық корпус салу, университеттің зертханаларын заманауи жабдықтармен қамтамасыз ету жоспарланып отыр.



ЖАС ҒАЛЫМДАРҒА АРНАЛҒАН ТҮРҒЫН ҮЙ БАҒДАРЛАМАСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ



2 бет



ЖАНСҮТІРӨВТІҢ ТӨТЕ ЖАЗУМЕН ЖАЗЫЛҒАН ЖИНАЛҒЫ ТҒЫБЫЛДЫ

4 бет

БЕС МИНУТСЫЗ ЖУРНАЛИСТ



5 бет



ДУША УНИВЕРСИТЕТА

8 стр.



СТУДЕНТТЕР КАНАДА ЕЛШІСІМЕН КЕЗДЕСТІ

Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетіне Канаданың Қазақстандағы елшісі Алан Хэмсон келді.

«Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күндік белсенді іс-әрекет» акциясы шеңберінде студенттермен кездесіп, гендерлік саясат бойынша лекция оқыды.

«Гендерлік зорлық-зомбылық, кемсітушілік тек Қазақстанда емес, әлем бойынша ушығып тұрған мәселе. Гендерлік теңдік, әйелдер құқықтарын қорғау, жыныстық белгі бойынша кемсітуге жол бермеу әрбір өркениетті елдің ұстанымы. Десе де, көптеген әйелдер тұрмыстық қиындықтарды іште сақтап, айналасындағыларға айтуға қорқады. Біз оның алдын алу үшін адамдардың құқықтық сауаттылығын арт-

тыруымыз керек», – деді Алан Хэмсон.

Сондай-ақ, елші студенттердің ер адам мен әйел теңдігі, әр ұлтқа тән менталитет жайлы сұрақтарына жауап берді.

Кездесу соңында университетте гендерлік теңсіздік бойынша өткен кейс-чемпионатының жеңімпаздарына сертификат табыстады. Алан Хэмсон мырза басқарма төрағасы – ректор Қуат Баймырзаевтың қабылдауында болып, университет телестудиясындағы «Студия қонағы» бағдарламасына қатысып, сұхбат берді.

Айта кету керек, «Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күндік белсенді іс-әрекет» акциясы елімізде жыл сайын өтетін науқан.

ӘМБЕБАП ЖУРНАЛИСТ - ЗАМАН ТАЛАБЫ



Қазіргі толассыз ақпарат тасқыны заманында конвергентті журналистиканы меңгеру аса маңызды. Өйткені ақпарат таратудағы тапқырлық қазіргі заманың басты сұранысына айналып отыр.

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Журналистика және ақпарат білім беру бағдарламаларының жетекшісі, (PhD) Философия докторы Жұмағали Есенбек Нью-Йорк қаласында білім алып, Америка Құрама Штаттарының стандарттарына сай заманауи ақпарат таратудың құзыреттіліктерін үйреніп қайтты.

Маман Нью-Йорк фильм академиясынан (New York Film Academy) тағылымдамадан өтіп, бір жылдық «Broadcast Journalism» бағдарламасы бойынша диплом алды.

Конвергентті журналист ретінде қабілетін шыңдап, медианың барлық түрінде ақпарат өңдеудің қыр-сырын үйренген.

«Ақпарат тарататын адам барлық саладан хабардар болып қана қоймай, медиатеchnологияны жақсы меңгергені дұрыс. Бізге профессионалды камерамен видео түсіруді, монтаждауды, продюсерлікпен айналысуды, ағылшын тілінде сценарий жазуды, подкаст жасауды, жаңалық жүргізу технологияларын үйретті. Ағылшын тіліндегі жаңалықтарға продюсерлік жасадым. Фред Силвермен, Роберт Ферраро, Бил Эйрнрэйхофер, Евгения Власова, Энрико Розетти, Даниель Хернандес, Джон Файдер сынды білікті мамандардан дәріс алдым. Нью-Йоркте білім алуға мүмкіндік берген «Болашақ» бағдарламасына алғысым шексіз!», – дейді Жұмағали Бейсенбайұлы.

Сондай-ақ, тағылымдама барысында Біріккен Ұлттар Ұйымының және «NBC», «Fox news» АҚШ телеарналарының жұмысымен танысудың сәті түскен.

ЖАС ҒАЛЫМДАРҒА АРНАЛҒАН ТҮРҒЫН ҮЙ БАҒДАРЛАМАСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ



Қазақстанда жас ғалымдарды баспанамен қамтамасыз ету бағдарламасы іске қосылды, деп хабарлайды «Отбасы банктің» баспасөз қызметі.

Енді ғалымдарға Үкімет тарапынан жыл сайын 200 баспана бөлінеді. Ал профессорлардың жалақысы жыл сайын 20%-ға өседі. Бұл туралы Жетісу өңіріне сапары барысында Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек мәлімдеген болатын. Салаға алдағы 3 жылда 650 миллиард теңге бөлінеді. Оның 6,5 млрд теңгесі ғылымды дамытуға жұмсалмақ. Ақысыз жұмыс атқаратын Ұлттық ғылыми кеңес мүшелеріне айлық тағайындау жайы да қарастырылып жатыр.

«Отбасы» банктің баспасөз қызметінің мәліметінше, министрлік, қызметкерлері жеңілдетілген шарттармен заем ала ала-

тын ғылыми ұйымдар мен жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының тізімін құрып, банкке ұсынады. Ал қатысушылар пұлын жұмыс беруші белгілейді. Ғылыми ұйымдардың бірінші басшылары қол қойған жолдаманы алған бағдарламаға қатысушылары төлем қабілеттілігін бағалату үшін банкке жолдама алады.

Баспананы алғашқы немесе екінші нарықтан сатып алуға болады. Заемның жылдық мөлшерлемесі 5 пайыз (ЖТСМ 5,2 пайыздан бастап) беріледі. Алғашқы жарна 10 пайыздан 50 пайызға дейін болады. Бағдарламаға қатысушысына берілетін ең жоғары заем сомасы 20 млн теңгеге дейін.

Сондай-ақ "Жасыл ипотека" бағдарламасы аясында да заем алу мүмкіндігі бар. Оның ең жоғарғы сомасы 35 млн теңгеге дейін. Несие бойынша мөлшерлемесі жылдық 8 пайыз (ЖТСМ 8,2 пайыздан бастап). Алғашқы жарна – 20 пайыздан 50 пайызға дейін.

Ғалымдарды несиелендіру бағдарламасына қатысушының жасы 40 жастан аспауы тиіс. Сонымен қатар оның және онымен бірге тұратын отбасы мүшелерінің соңғы 5 жылда баспанасы болмауы керек.



ЖЕТИСУЛЫҚ ЖАС ҒАЛЫМДАР «ҚАРА САРБАЗ» ШЫБЫНЫНАН ПАЙДА ТАУЫШ ОТЫР

Отандық ғалымдар «Қара сарбаз» (Hermetia Illucens) шыбыны өсіру — органика қалдығын өңдейтін ең тиімді әдіс екенін айтып келеді.

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің жас ғалымы, жаратылыстану ғылымдарының магистрі Айгерім Қамбарова «қара сарбаз» шыбынынан органикалық тыңайтқыш даярлап, Талдықорған маңындағы бірнеше шаруақожалықтарына сатып отыр.

Жас ғалымның айтуынша қара шыбынның құрттарын өндірумен әлемнің көптеген елдері айналысады. Жетісу өңірі аграрлық аймақ болғандықтан мұндай тыңайтқыштың қажеттілігін түсініп, осы жобаны қолға алған.

- Шыбындар мен дернәсілдерді оңтайлы климаттық жағдайлармен қамтамасыз ету арқылы оны жыл бойы өсіруге болады. Анылығы бір мезгілде 400-ден 800-ге дейін жұмыртқа салады. Ол небәрі 14 күнде

жұмыртқадан дернәсілге айналады, орташа салмағы Х 4000. Яғни, 1 грамм жұмыртқадан екі аптада 4 кг дернәсіл жинай аламыз. Дернәсілдер аминқышқылына өте бай. Оның бірегей құрамы фармацевтика мен косметологияда кеңінен қолданылатын хитин және меланин алуға мүмкіндік береді.

Біздің мақсатты аудиториямыз - құс фабрикалары, балық фермалары, үй жануарлары дүкендері, жем өндірушілер мен фермерлер. Қазіргі таңда Талдықорған қаласының маңындағы шаруа қожалықтары күнделікті 20-25 кг тірі, 10-15 кг кептірілген дернәсілдерді сатып алады.

Сонымен қатар, қалған зоогумусты қаладағы ландшафтпен айналысатын фирмаларға көтерме бағамен сатып жатырмыз. Сұраныс өте көп болғандықтан, «қара сарбаз» шыбыны дернәсілін күніне 1 тоннаға дейін жеткізуді жоспарлап отырмыз.

ҚОШ КЕЛЕТІН, ЖАҢА ЖЫЛ!

(Новелла)

Мен мекен ететін бес қабатты үйдің төртінші қабатындағы екі бөлмелі жұпыны пәтерде әжесі мен немересі тұрады. Әжесі тік мінезді һәм айбарлы кемпір еді, соңғы жылдары уақыт жеңбекке, мысын баспаққа ұмтылуда. Кемпірдің оған беріле қояр ойы жоқ, тырмысып өмір көшіне нық ілесіп баққан. Кейуана көрілікпен тектен текке алыспайды, оның бауырында немересі бар. Жалғыз қызы төрт жыл бұрын жол апатынан көз жұмған. Күйеу баласының кім екенінен хабарым жоқ, аңғаратыным, басқа қаланы мекен ететін бейтаныс жігіт өзінің перзенті барлығынан беймағлұм. Қызынан айрылғанда қария ұзақ қайғырмады, тәй-тәй басып жүре бастаған сүйкімді балақан – жиен немересінің жанашыры жалғыз өзі екенін ұқты да, еңсесін тез көтеріп, бұрынғыдан да ширай түскен.

Есімі – Тұмар. Жеті жасар. Бастапқыда оны әжесі жетелеуші еді, ендігісін азамат болғаны да, жедел сатысы жоқ үйдің баспалдақтарымен әжесін бұл жетектеп екі мұңлық бір-біріне демеу. Тұмардың өңі қою қараторы. Мұнысына қарап біздің ауланың тұрғындары Шоколад деп атаған көрінеді. Кемпірдің өзі бастап, сыныптас достарына дейін лақап атымен шақырады. Оған қабақ шытатын Тұмар жоқ, бөгде жұртпен есімім - Шоколад деп танысып жүргенін талай құлағым шалған. Неге екенін білмекке тырысып, түйсігіме талай саяхат жасағаныммен ұға алмадым, осы баланы жан-жүрегім елжіреп жақсы көрем. Ол кісіге қалай ұнаудың әдістерін білетін. Басын оң жағына қисайтып, тісін көрсетіп күлгені өзіне жарасатынын кішкене болса да ұғып қойған. Күлімсіреп амандасудың да жақсы әсер қалдыратынын түсінген. Кейде басың, кейде тісің ауырғанын біле қалса әлдебір ноқаттай ақ дәрілерді алып кеп жететін. Жаңадан киім ауыстыра қалған жанға бір ауыз мақтауы дайын. Әлдебір жағымпаздай көтермелей жөнелмей, бас бармағын көрсетіп, киімді көзінің құйрығымен нұсқайды. Мереке күндері алғаш құттықтаушылардың қатарында болатын. Ал, әжесінің арманы – ұзақ жасау. Пайғамбар жасынан асқан кейуана құдайдың осы көрген жарығына шүкіршілік айтқанмен, өлімнен бұрын немересінің жалғыз қаларынан қатты қорқады. «Он беске жеткізсем», – дейді, «Шикалатымның еті тірі, ары қарай аштан өлмес».

Өзін тәуір көретінімді әлдеқашан сезген. Сонысынан да біздің үйді көп үйірсектейді. Оның барлық ойыншығын мен сыйладым, кемпірдің тік мінезділігіне қоса сараңдығы да бар. Бұл сараңдық жаратылысынан тыс, аз зейнетақы мен жетімге берілер

болмашы көмек оларды толық қамти алмайды. Сонысына қоса шікәмшіл, немересіне алып берген затымның бірін де жарытқан емес:

- Мына ала допқа бола сонша ақшаны шығындап не керек? Бала доп қуып шаршайды – бір, ойнаймын деп киімін тоздырады – екі, – деп саусағын санамалап отырғаны.

- Ойпырмай, мына аюдың үлкенін-ай, Шикалаттың өзінен дәу-ау! Шырағым-ау, мұны несіне әпердің, мына бөле не киім, не тамақ болмайды, – дейді.

- Балмұздаққа үйір болмағаны



дұрыс. Біріншіден – тамақ емес, екіншіден – ақшаны босқа шашу, үшіншіден – ауырып қалуы мүмкін, төртіншіден – ауырса дәрі алуға тағы да ақша шығын...

- Зообаққа барып не керек, ондағы ит пен құсты кітап пен теледидардан көре салмас па?

Тұмар әріп танығаннан бастап кітапқа үйір болды. Үйімдегі балалар тақырыбына жазылған дүниенің барлығын парақтап шықты. Кемпірге ұнаған тұсым осы ғана. Бұл маған да ұнайды. Сондықтан да, Тұмарға келе жатқан жаңа жыл мерекесіне арнап, Андерсен ертегілерінің толық жинағын сыйламаққа уәде берген.

Алматы ақ тонын демде киді. Ақ сақалды қария терезелерге қыраумен сурет салды. Алматының көше бойларында өсіп тұрған шыршалар жылтыр сым жапсырып, әлем-жәлем күйге түскен. Таудағы мықырлары тамырынан шабылып, әр үйдің төрінде мүлгіп тұрған. Бәрі де жақсы, бірақ, Тұмарға берген өтінішімді орындау қиынға соқты, жаназасын шығарғанда табытының басында Корольдің өзі мен бас уәзірі отырған Еуропаның ардақты ұлы жазып қалдырған ғажайып ертегілер жинағы таптырар емес. Өзім білетін барлық кітап дүкендерін шолдым, таныс баспагерлерден де қайран болмады.

Уақытты тоқтатқан кім бар, сағат тынбастан сыртылдап тұрды-

дағы, желтоқсанның отыз бірінші жұлдызы еңтігіп келіп жетті. Көзі тірісінде оқырмандары қарсылығына қарамастан ескерткіш орнатқан ертегіші шалдың шығармашылық күдіреті ешқашан жойылмақ емес, оның таңғажайып әлемді баян етер дүниелерін күтіп, менің кішкентай көршім тықыршып отыр. Бұл маған аян. Бұл күні дүкен аралап сабалып жүрдім. Жаңа жылды Тұмардың шаңырағында қарсы аламын. Бұл қырсық кемпірдің өтініші. Достарым да күтеді. Бесінші қабаттағы көрші - жауырынын жапқан сирек сары ша-

кітапшалар мен орыс ертегілері тізіліп тұрды.

- Андерсонның ертегілері жоқ па? - дедім сатушыға жалынышты көзбен қарап.

- Басқаларын алмайсыз ба?

Жүзінде жаңа жылдан күткен үміті мен қуанышы бар, сүйкімді бойжеткен сұраулы жүзбен қараған. Жауап беруді артық деп таптым. Кілт бұрылып есікке беттегенімде босағада басына Аяз атаның қалпағын киген жігіт өз басындағыдай қалпақтың бірін ұсынған:

- Бұл біздің дүкеннің тұтынушыларға арнаған жаңа жылдық сыйы.

- Керек емес. Мұны қайтем?

- Киіп алыңыз, – деді жайбырақат: - Бүгін түнде жаңа жыл келеді, керемет емес пе?

Үш бұрышты қызыл сәтеннен тігілген қалпақты қолтығыма қысып, жауап берместен сыртқа шықтым. Дүкен жанында темекісін түтіндеткен семіз орыс шалы ескі кітаптар сатып тұрған. Сұрағанымды таптым. Бірақ, іздегенім жанында емес, үйінде көрінеді. Шал кітаптарын жинады, ескі көлігіне мініп, қаланың екінші шетіне кеп жеткенде ымырт үйірілген. Үш томдық кітап қолыма тигенмен де, қария бұл ертегілерді бір кезде ұлың

ертіп барып арнайы сатып алғанын, ол ұлдың қазір Америкада тұратынын баяндап сөзін өзер түгесті. Қақпаға беттегенімде үйден шала мас кемпірі жүгіріп шығып, жаңа жылдық тос көтеруімді өтінгенде асығыстығымды естіп, өзі қайнатқан самогоннан ауыз тимегенім үшін қатты наразы кейіпте қалды. Бұл уақытта ақшам орныққан. Жолай іле кеткен жалғыз такси қаланың орталық алаңынан әрі аспаған. Мұнда кілең бақытты жұрт жүрді. Оларға қосылып, бақыт жырын айта алмаймын. Өйткені, жаңа жылдың сағаты санаулы уақытта соғады. Тұмар күте-күте көз талдырды ма? Жылдам адымдап, үйге беттеп келем. Тағы да қар жауа бастаған. Суықтан дірдек қақтым. Бұл аяз әсеріме, әлде қойнымдағы томдықта тыныстап жатқан Қар ханымның ызғары ма? Манағы Аяз атаның қалпағын семкемнен шығарып басыма кидім. Әлем жасыл шыршалы мерекені тойлап жатыр...

шын бірде жайып, бірде буып әлек болатын, аула жастарына теміртерсек әуендерінің кереметтілігі жайында әңгімелеп еліктіретін жиырма бес жасар рокер жігіт әлдебір жаққа шақырып еді, оны үміттендірмеген дұрыс деп таптым. Ол кез-келген қызға ұнайтын, әйткенмен, үйлесім болмаған жоқ жерде үміт бола ма?

- Төлеген Мұхамеджанов музыкасының болмысы Мағжан Жұмабаев поэзиясымен сыңарлас, үндес. Мағжан - қазақ поэзиясының әдемілігі. Төлеген - қазақ музыкасының қуанышы. Мағжанның ритмі арада ғасыр сап Төлеген саздарында қайта тірілді. Қазақтың қайта тумас екі таланты ортада бір ғасырлық кеңістік жатса да дуэт құрып, рухани дүние тудыруда, – деп өз пайымдағанымды жеткізгенімде аңтарылып қарады да қойды. Содан соң ол сөйледі. Сөзін бар ынтамды салып тыңдағаныммен, ол айтқан ағылшын музыканттарының ішінен танитыным Ливерпульдық төртеу ғана екен. Онда да Джон мен Полдан өзге екеуінің есімін білмейтін боп шықтым. Бұған қоса ол футбол туралы көп әңгімелейтін көрінеді. Өз басым футболды да, футбол туралы әңгімені де жаратпаймын...

Тал түске дейін талай дүкеннің табалдырығын тоздырдым. Ең соңғысына кіргенімде түрлі ойыншықтар, суретті

Лира ҚОНЫС.

ЖАНСҮГІРОВТИҢ ТӨТЕ ЖАЗУМЕН ЖАЗЫЛҒАН ЖИНАҒЫ ТАБЫЛДЫ



Алматы қаласының тұрғыны, кинорежиссер Ербол Бораншаұлының жеке кітапханасынан Илияс Жансүгіровтың төте жазумен жазылған «Өтірік» атты өлеңдер жинағы табылды. 1927 жылы Мәскеу баспасынан шыққан кітап Илияс Жансүгіров атындағы облыстық әдеби мұражайға өткізілді. Бұл сүйінші хабарды мұражай меңгерушісі Нұргүл Жауынбаева Жетісу университетінде өткен «Жансүгіров оқулары» республикалық ғылыми-практикалық конференциясында хабарлады. Оның айтуынша, бұл – бұрын-соңды ешкімнің қолына түспеген түпнұсқа кітап.

Жансүгіров оқуларына еліміздің түкпір-түкпірінен келген Ілиястанушы ғалымдар мен студент жастар қатысты. Кездесуде Илияс

Жансүгіровтің өмірі мен шығармашылығы жан-жақты талқыланды.

Жиында баяндама жасаған ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор, филологтарды даярлау жөніндегі доцент Шара Қияхметова бұрынғы зерттеу жұмыстарында табылған бірқатар дүдәмал деректерді атап өтті.

- Батыр Қалмырзаевтың «Илияс Жансүгіров және «Қазақ» газеті» атты мақаласында Илияс деп көрсеткен 1914-1916 жылдар аралығында «Қаптағай» атты бүркеншік атпен «Қазақ» газетінде жарияланған,

қазақ халқының империалистік соғысқа және әскери салық төлеуге қатысы туралы мақала Біләл Сүлеевке тиесілі. Ақын өмірбаянына сәйкес ол өзінің алғашқы мақаласын 1921 жылғы 22 наурыздағы «Жас алаш» газетінде «Замандастарына Жолдау» деп атайды. Ол туралы: «Жаңа әдебиет» журналының 1931 жылғы 6-7 санында жарияланған өмірбаянында Илияс өзінің қалам жұмысына 1920 жылдан бастап араласа бастағанын жазған – деді Ш. Қияхметова.

Сондай-ақ, ол фотоархивтерде бейнеленген тұлғаларды сәйкестендіру арқылы өз дәлелін келтірді. Бірнеше басылымдарда 1934 жылы Мәскеуде Максим

Горький мен Илияс Жансүгіровтың ортасында отырған әйелді Лидия Сейфуллина ретінде көрсетілген. Алайда, бұл суреттегі әйел Лидия Сейфуллина емес, Жансүгіровтің әйелі Фатима Ғабитова екендігін оның жас кезіндегі Ілияспен түскен басқа да суреттерімен салыстыру арқылы дәлелдеді.

Пленарлық отырысқа әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың профессоры, ф.ғ.д. Сауле Ержанова, ф.ғ.д., «Ілиястану» ғылыми-практикалық орталығының меңгерушісі профессор Мұратбек Имангазинов, ф.ғ.к., ҚазҰҚызПУ профессорының м.а., Ләззат Әділбекова қатысып, өзекті ғылыми-теориялық мәселелерімен бөлісті

Кездесу соңында Ш. Қияхметованың «Ілиястану» оқулығының тұсауы кесілді.



Суретте: солдан оңға қарай Максим Горький, Фатима Ғабитова, Илияс Жансүгіров

СПОРТ

ЕЛ БОЛАШАҒЫ - ДЕНІ САУ ЖАСТАРДЫҢ ҚОЛЫНДА

Жеке адамның және қоғамның ең басты байлығы — ол мықты денсаулық. Денсаулық — адам тіршілігінің ең бірінші шарты болса, дене шынықтыру, салауатты өмір салтын ұстану — денсаулықтың кепілі.

Еліміздің жоғары оқу орындарында да бәсекеге қабілетті, дене тәрбиесі тарапынан жан-жақты дамыған, денсаулығы мықты, салауатты өмір салтын мақсат тұтқан жеке тұлғаларды тәрбиелеу басты міндет етіп қойылған.

Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Спортклубында қызмет атқаратын дене тәрбиесі оқытушы-жаттықтырушыларының алдына қойған мақсаты — өзіне бекітілген бағдарлама бойынша дене шынықтыру сабақтарын өткізумен қатар, салауатты өмір сүруді насихаттау, жалпы және көпшілік спорт шараларын өткізу. Дене шынықтыру пәнінің оқу бағдарламасы бойынша классикалық спорт түрлерімен қатар студенттерге заманауи сауықтыру жүйелері және дене шынықтыру мен айналысу барысында өзін-өзі бақылау білімдері беріледі. Атап айтқанда: фитнес, шейпинг, пилатес, кроссфит, айробика, ритмикалық гимнастика, бодифлекс стретчинг және атлетикалық гимнастика.

Дене шынықтыру сабағының маңызды тәрбиелік міндеті білім алушылардың дене тәрбиесімен үнемі шұғылдануға ынта-ықыластарын арттыру.

Дене шынықтыру оқытушы-жаттықтырушылары өз сабақтарында және одан тыс уақыттарында,



спорттық секцияларда, түрлі жарыстарды ұйымдастырып, студенттерге қолайлы жағдайлар жасауда.

Университетімізде оқытушыларға, қызметкерлерге және студенттерге денешынықтыру және спортпен айналысу үшін барлық жағдай жасалған деуге болады. Бүгінгі күні университетімізде 25 метрлік жүзу бассейні, футбол алаңы, 8 жүгіру жолшасы, 2 спорттық ойын алаңы, ұзындыққа және биіктікке секіру алаңы бар. Стандартты стади-

он, жаңа спорттық құралдармен жабдықталған 160 м² тренажер залы, екі спорттық ойын залы, арнайы гимнастикалық зал бекітілген жұмыс кестесі бойынша өз қызметтерін атқаруда. Университет Спортклубында биылғы жылы 11 спорт секциясы жұмыс істеуде. Атап айтқанда: жүзу, волейбол, баскетбол, футбол, шағын футбол (ерлер, әйелдер), үстел теннисі, жеңіл атлетика, бокс (ерлер, әйелдер), дзюдо (ерлер, әйелдер), еркін күрес, тоғызқұмалақ, шахмат. Аталған спорт

түрлерінен студенттеріміз республикалық, халықаралық және әлемдік жарыстарыға белсене қатысып, жүлделі орындарға ие болып жүр. Бүгінгі күні университетімізде жоғары спорттық жетістіктерге қол жеткізген көптеген студенттер бар. Атап айтқанда, 3 Әлем чемпионы, 1 Әлем чемпионатының жүлдегері, 2 Азия чемпионы, 5 Азия чемпионатының жүлдегері, 10 Халықаралық жарыстардың жеңімпаздары мен жүлдегері, 12 Чемпионы, 10 ҚР Чемпиондары, 15 ҚР Чемпионатының жүлдегері, 11 ҚР ХДСШ, 20 ҚР СШ, 86 ҚР СШУ, I-санаттағы спортшылар - 6, II-санаттағы спортшылар - 2, III-санаттағы спортшылар - 5. Спорттық атақтары мен дәрежелері бар студенттердің саны - 195 адамды құрайды.

Университет тарапынан спорт кешендерінің материалдық-техникалық базасын нығайтуға көп көңіл бөлінеді. Дене шынықтыру сабақтары мен оқу-жаттығу сабақтарын өткізу сапасын арттыру үшін барлық спорт түрлері қажетті спорттық құрал жабдықтармен қамтамасыз етілген. Студент жастар үшін спортпен айналысу аса пайдалы. Олар дене шынықтыру мен спорттың денсаулыққа қаншалықты пайдалы екендігін, спортпен айналысу – адам өмірінің сапасын арттыратынын толық түсінеді.

Университетімізге оқуға келген әрбір студенттің денінің сау болуы үшін біз осы бағытта тәрбие беруге тиіспіз. Ел болашағы, жастардың дендері сау болу үшін оқытушы - жаттықтырушылар олардың бойларына жақсы дәстүр мен өдеттерді сіңіріп, салауатты өмір салтын ұстанудың қажеттілігін және оны іске асырудың жолдарын үйретуіміз қажет.

Салауатты өмір салты – денсаулықты сақтаудың және нығайтудың негізі болғандықтан, ол жан-жақты дамыған бәсекеге қабілетті болашақ маманның қалыптасуына тиімді әсер етеді.

Б.БИТЛЕУОВ,
Спортклуб төрағасы.

БЕС МИНУТСЫЗ ЖУРНАЛИСТ

Журналистика және ақпарат ББ білімгерлері – білік пен халық арасындағы талап-тілекті жеткізуші алтын көпір іспеттес. Ертең ерінбей еңбек, халқына қызмет қылар қалаулы, алашына ардақты азаматтар мен азаматшалар. Шығармашылыққа жаны құмар, көкірегі ояу, көзі ашық ұл-қыздардың бары және көптігі қуантады.

Солардың бірі – Ақбота Салих. Ол 2020 жылы оқуға түсіп, «Жас түлек» студенттік театрының құрамында өнер көрсеткен. Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейтіп, мәртебесін көтеру мақсатында ұйымдастырылған «Жетісудың жыр көруені» жобасының жеңімпазы, Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай өткен «Тәуелсіздік – қымбат ұғым» атты мақалалар байқауының 2-ші орын иегері.

Облыстық жастар ресурстық орталығы директорының алғыс хатымен марапатталған. Мақалалары түрлі газеттерде жарық көріп тұрады. 2021 жылы

«Ақсу өңірі» газетінде, 2022 жылы «Жетісу» телерадиокомпаниясында жұмыс істеген. Бүгінде «Алатау» қоғамдық-саяси газетінде редакторлық қызметте.

Ал спорт үздігі – қоғаммен байланыс тобының 2-ші курс студенті Гүлім Қажимұрат әрбір PR маманы жан-жақты болуы керек деп есептейді. Ол өзін осы күнге дейін әр қырынан сынап келеді. Соның ішінде джиу-джитсу спорт түрінен де жетістіктері бар.

АДС комбат джиу-джитсудан КМС иегері Гүлім Қажимұрат – жасөспірімдер мен ересектер арасында өткен Қазақстан Республикасы чемпионатының 3 дүркін жеңімпазы, Қырғызстанда өткен Азия чемпионатының күміс жүлдегері, ҚР кубогының 1-орын иегері. Облыстық турнирлерден талай мәрте жүлдені қанжығасына байлаған.

Одан бөлек Гүлім домбыра, гитара мен укулеленің құлағында ойнайтын бесаспап музыкант.

ДОСТАР ЛЕБІЗІ

Қызығы мен шыжығы мол жаңа өмірдің бастауы, махаббат, достық, сезімге толы студенттік шағым-ай. Осы күндерді тек ізденумен, шаршауды білмей, қызықты да көңілді өткізеріміз анық. Қиын сәттері де көп емес. Алайда, бәріне тойтарыс беріп, кедергілерді жеңіп шығатынымызға өз басым көміп сенемін. Жалпы, біздің басты мақсатымыз – оқуда озат болып, мықты маман иесі атану емес пе?!

Әрбіріміз үшін егемендік күні – айтулы мереке. Барша қазақстандық студенттерге айтарым: үнемі жаңа табыстарға ұмтылыңыздар, кез-келген мүмкіндікті уыстан шығармай, дүррес таңдау жасаңыздар. Ең бастысы, дархан даламызды қорғап, тілімізді қастерлеп, антымызға берік болайық!

Балааман Қадырсейіт, ЖҚ-112.

Біздер «шаршадық, ауыр тапсырма» деп қаша жөнелетін осы бір кезеңді ата-анамыз сағына еске алып отырады. Қызық...

Ойлап қарасам, бақыттың базары – білімді де білікті ортада жүруің, шәкірт ретінде ұстаздың ризашылығын көруің екен ғой. Жастық шақ жалынымен түнгі кештердің отын емес, ақылдың шам-шырағын жағып жүрген білімгерді көру бір ғанибет емес пе? Еліміздің саналы, ұлтжанды азаматтары дәл осындай қарымды жастардан шыққаны даусыз.

Негізі, студенттің әр күні мейрам, дегенмен бұл күннің орны ерек. Білім кемесіне мініп, табандылық танытып жүрген, қарындары аш болса да, көңілдері тоқ, жаны жомарт құрдастарымды шын жүректен құттықтаймын! Біз бақытты ұрпақпыз.

Қос қанаттарыңыздың үкілеген үмітін ақтап, ел болашағының жарқын болуына атсалысыңыздар, достар!

Милана Ертуғанқызы, ЖҚ-211.

ТЕЛЕСТУДИЯ ЖҰМЫСЫ

Оқу теле-студиясы 2017 жылы

университеттің 45 жылдығына орай университет ректоры Қуат Баймырзаевтың қолдауымен ашылған. 2 штаттық қызметкері бар: редактор, фотограф-оператор. Мақсаты – журналистика мамандығында оқитын студенттерді теледидар саласына дайындау. Қазіргі таңда студенттердің идеясымен бекітілген 10 шақты бағдарлама дайындалып, университеттің әлеуметтік желідегі ресми парақшаларына, YouTube каналына салынды. Өнер, білім, спорт, мәдениет өзге де тақырыптар қамтылған. Осы телестудиядан 1, 2 курс студенттері жылына 1 рет өндірістік іс-тәжірибеден өтеді. Ең бастысы, телеарналар жұмыс істейтін түсірілім құрылғыларымен, монтаждау программаларымен толық қамтылған.

ЖҚ-311 топ студенті Қазтай Арсеннің айтуынша, университет қабырғасында оқып жатқан әрбір студенттің білім алуға және оны шыңдауға хақысы бар. Өйткені білімді тек теория жүзінде қарастыратын болсақ, алған білімнен еш пайда жоқ. Оқуға өтініш білдірген сәттен бастап Жетісу университеті жайлы түгел зерттеп, зерделеп алған екен. Телестудия, баспасөз, радиосы бар оқу ордасының білім беру деңгейі едәуір жоғары және сапалы екені анық.

«Телестудияда студент өзін нақты журналист ретінде сезіне алады: дикторлық шеберлік жайлы дәрісті тек тыңдап қоймай, студияда ол мәтінді орфоэпиялық заңдылыққа салып оқу мен дұрыс дем алуды, бет-әлпеттің кадрда қалай көрінетінін ескеріп, өз-өзін ұстау қабілетін дамыту секілді

түрлі этикалық дағдыларға үйренеді.

Біз журналист ретінде қалыптасу үшін, алдымен, телестудияда шыңдалдық. Студияның өз ережелері бар: бағдарламаның тақырыптарын таңдау керек. Мен «Мөлдір-Маржан» бағдарламасында жұмыс істедім. Бірінші, поэзияға жаным жақын болғандықтан, өлең сөзден өрнек өрдім. Сұқбат жанрында да өзімді сынап көрдім. Алғашқы сұқбатым университетіміздің профессоры Дүйсен Сандыбайұлымен болды. Осы материал менің қабілетімді барынша ашуға мүмкіндік берді.

Жетекшілеріміз түгел талдау жасап, әр бағдарламаның кем-кетік тұстарын талқылап, ақыл айтатын. Студиядағы міндет – сценарийдегі қағидаларды сақтаудан басталады, одан кейін камера алдындағы қобалжуды жеңе білу...

СТУДЕНТПЕН СЫРЛАСУ

Аяна Ермуханбетова, ЖҚ-412.

— Теория өлде тәжірибе?

— Әрине, тәжірибе. Мен өзім осы күнге дейін әр түрлі отандық және халықаралық компаниялардың PR-бөлімінде жұмыс істедім.

— Атап айтқанда...

— Мысалы, қаржы саласында, инфобизнес пен медиахолдингтерде. Жұмыс барысында «Үздік жас қызметкер», «Үздік ай қызметкері» сияқты марапаттарға ие болдым. Алайда, уақыт өте келе PR саласы менікі емес екенін және бағытымды ауыстыратын уақыт келгенін ұқтым.

— Енді...

— Шынайы жан қалауымды түсіну үшін өзіме сәл үзіліс беруді ұйғардым. HR адами ресурстарды дамыту және басқару ісіне қызығушылығым артты. Бұл саладағы білімді толықтырып, түрлі курстар, шеберлік сыныптары мен іс-тәжірибелерден өтіп жүрмін. Талпыныс пен ізденістің арқасында ТМД-дағы көш бастап тұрған IT-компания «Yandex»-тен шақырту алған жайым бар. Бүгінде осы компанияның HR-департаментінде қызметтемін.

— Керемет жаңалық, толағай табыс тілейміз!

Алиса Есенбекова, ҚБҚ-211.

— Университет сіз үшін...

— Студенттік өмірімнің екінші бөліміне өнді ғана аяқ басам да, алған білімім мен жинаған тәжірибем ауыз толтырып айтарлықтай. Үш ұйықтасам да ойламаған мүмкіндікті Ильяс Жансүгіров атындағы жоғарғы оқу орны сыйлады. ЖУ мен үшін өмірге, өнерге, өнегеге үйретер рухани мектеп.

— Себебі?

— Алдымен, бар білімімді шыңдай отырып, екінші курста тәжірибеге бет бұрдым. Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек біздің білім ордамызға келгенде, бетпе-бет ресми сұхбат алу бақыты бұйырды. Бұл үлкен мәртебе. Осының бәрі университет басшылығының арқасы.

— Шабыт сыйлаған дүние?

— Бұл қадам, яғни журналистика – жарқын болашақтың бастауы. Арман-мақсатқа жету жолындағы мотивация, шабыт, күш-қуат сынды. Осы орайда, мамандық бойынша бағыт-бағдар берген оқытушыларыма алғысымды білдірмекпін. Ардақты да аяулы ұстаздарым, аман болыңыздар! Жылы жүздеріңізден күлкі кетпесін.

Құндыз Тілеуқабыл, ЖҚ-412.

— Жұмыстағы қиындықтар?

— Жетісу арнасы, жаңалықтар бөлімі, орыс редакциясында жұмыс істеп жүргеніме бір жарым жылдан асты. Басында бір ай көлемінде іс-тәжірибеден өттім. Журналистика дегеніміз баспасөздерде жылт өткен жаңалықтарды жазу ғана емес, ауқымы, өлдеқайда кең әрі күрделі дүние. Ең бастысы өз ісіңе адал болуың керек. Жаңалықты дәлме-дәл, боямасыз, шындықты ту өте отырып жеткізу қажет. Оңай көрінгенімен, іс жүзінде өте қиын.

— Қызметіңіз?

— Редактор, диктор. Бас редакторым Антон Михайлович есімді білімді, мықты маман. Осы кісінің арқасында көп нәрсе үйрендім. Түрлі түсірілімдерге шығып, өзімнің жазу стилімді қалыптастырып келем. Міне, тіпті, уақыт өте келе мені өкім, министрлердің маңызды түсірілімдеріне жібере бастады. Аз да болса, қуаныш.

